

Кеме құжаттарының тізбесін, кеме құжаттарын беру және жүргізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2005 жылғы 10 ақпандағы N 73-І Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 9 наурызда тіркелді. Тіркеу N 3480. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 6 тамыздағы № 496 бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011.08.06 № 496 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Кеме құжаттарының тізбесі;
- 2) Радиожурналды беру және жүргізу ережесі;
- 3) Кеме рөлін беру және жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің Көліктік бақылау комитеті (Қ.С.Мұстафин) заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу үшін ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация вице-министрі Е.Ж.Қошановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрінің
2005 жылғы 10 ақпандағы
N 73 - I бұйрығымен
бекітілген

Кеме құжаттарының тізбесі

1. Кеменің мынадай кеме құжаттары болуы тиіс:

1) кеменің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын және кемеге меншік құқығын растайтын кеме куәлігі;

2) шетелдік кемеге (жалға алынған шетел кемелерінің тізілімінде тіркелген кемелер үшін) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге уақытша құқық беру туралы куәлік;

3) кеменің жүзуге жарамдылығы туралы, оның сыныбы немесе сыныптау куәлігі көрсетілген куәлігі;

4) өздігінен жүзетін кемелер үшін кеме журналы (вахталық журнал);

5) кеме рөлі (өздігінен жүзетін кемелер үшін) - кеме капитаны жасаған кеме экипажы мүшелерінің тізімі;

6) радиожурнал (егер кемеде кеме радиостанциясы бар болса);

7) кеме станциясының рұқсаты (егер кемеде кеме радиостанциясы бар болса);

8) машина журналы (қызметтерді қоса атқарусыз, кеме экипажының мүшелері пайдаланатын механикалық қозғалтқышы бар кеме үшін);

9) кемені қарап шығудың бірыңғай кітабы;

10) санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды және кемеге санитарлық паспорт;

11) өрт қауіпсіздігі куәлігі (қарап шығу актісі);

12) кеменің мұнаймен, қалдық сулармен және қоқыспен ластануын болғызбау туралы куәлік;

13) кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлік.

Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2006 жылғы 27 сәуірдегі N 103 бұйрығымен.

2. Кеме кітабында тіркелген кеменің Кеме билеті болуы тиіс.

3. Көшірмесін осындай куәлік берген орган куәландырған немесе нотариалды куәландырылған Меншік құқығы туралы куәлікті қоспағанда, кемеде кеме құжаттарының түпнұсқалары болуы тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

К ө л і к ж әне к о м м у н и к а ц и я

м и н и с т р і н і ң

2 0 0 5 ж ыл ғы 1 0 а қ п а н д а ғы

№ 7 3 - I б ұ й р ы ғы м е н

бекітілген

Радиожурналды беру және жүргізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Радиожурналды беру және жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

2. Ереже Радиожурналды беру және жүргізу тәртібін белгілейді.

3. Радиожурнал радиобайланысқа қатысты мәліметтер тіркелетін құжат болып табылады және осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысанда (РЖ-1 нысаны) толтырылады.

2. Радиожурналды беру және жүргізу тәртібі

4. Кемеңің иесі кемеге Радиожурналды кеме капитанына қолхатпен береді.

5. Радиожурналдың барлық парақтары нөмірленеді, тігіледі және кеме иесінің қолы мен мөрі қойылады.

6. Кеме иесі кемеге Радиожурналдың тек бір данасын ғана береді.

7. Радиожурналды жаңасына ауыстыру оны толық пайдаланған кезде ғана жүргізіледі. Радиожурнал кеме бортында оған соңғы жазба енгізілгеннен кейін бір жыл ішінде сақталады, сонан соң кеме иесінің мұрағатына өткізіледі.

8. Радиожурнал кезек бастығының рубкасында сақталады және бақылаушы органдар өкілдерінің бірінші талабы бойынша беріледі.

9. Радиожурналды жүргізу кемеңің радиооператоры, ал штат кестесі бойынша кемеңің радиооператоры жоқ болса, кезек бастығы жүзеге асырады. Радиожурналдағы жазбалар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде көк немесе қара пастамен (немесе сиямен) анық және ұқыпты жазылады.

10. Кеме капитаны өткен тәуліктерде Радиожурналдың жүргізілуін тексереді және Радиожурналдың мазмұнын келіп түскен және берілген хабарлардың соңында қол қою арқылы куәландырады.

Радиожурналды беру және
жүргізу ережесіне қосымша

РЖ-1 нысаны

Мұқабасы

Қазақстан Республикасы

Көлік және коммуникация министрлігі

Радиожурнал

(к е м е а т а у ы)

20 _____ жылғы _____

Қазақстан Республикасы

Көлік және коммуникация министрлігі

Бетпарақ

Радиожурнал

Кеме атауы (немесе N-i) _____

Кеме иесі _____

20__ жылғы _____ басталды

20__ жылғы _____ аяқталды

Байланыстың басталуы		Байланыстың аяқталуы		Кемеге тұрған жері	Корреспондент р/с тақыру сигналы	Корреспондент жиілігі	Жұмыс түрі	Тарату жиілігі	Кезектің жазбасы
сағ	мин	сағ	мин						

С о ң ғ ы п а р а қ

Журналда _____ парақ тігілген және нөмірленген

Журналды бекіткен адамның лауазымы, тегі және қолы

М.О. 20__ жылғы "___" _____

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

К ө л і к ж әне к о м м у н и к а ц и я

м и н и с т р і н і ң

2 0 0 5 ж ыл ғ ы 1 0 а қ п а н д а ғ ы

№ 7 3 - I б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілген

Кеме рөлін беру және жүргізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Кеме рөлін жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

2. Ереже Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кемелер үшін Кеме рөлін беру және жүргізу тәртібін белгілейді.

3. Кеме рөлі, кемеге келуі және кетуі кезіндегі экипаж саны мен құрамы туралы мәліметтері бар негізгі кеме құжаты болып табылады және осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысан (КР-1 нысаны) бойынша толтырылады.

2. Кеме рөлін беру және жүргізу тәртібі

4. Кеме иесі Кеме рөлін кеме капитанына қолхатпен береді.

5. Кеме рөлі төмендегі мәліметтерді қамтиды: кеме туралы (атауы, тіркелу орны және тіркелу нөмірі, түрі және мақсатталуы, кеме иесі, кеме менің шақыру сигналы); экипаж мүшелері туралы (тегі, аты, әкесінің аты, туған күні мен жері, азаматтығы, кемедегі лауазымы, атағы және диплом нөмірі, теңізші паспортының немесе тұлғаның азаматтығын куәландыратын өзге де құжаттың сериясы және нөмірі).

6. Кеме рөліне кеме экипажының құрамына кіретін тұлғалар, сондай-ақ: жүзу тәжірибесінен өту үшін осы кемеге жіберілген оқу орындарының курсанттары (оқушылар); кемеде жұмыс істеу үшін іссапарға жіберілген кеме иесінің өкілдері енгізіледі.

Кеме рөлінде көрсетілген, халықаралық тасымалды жүзеге асырушы кемеге іссапарға жіберілген оқу орындарының курсанттары мен тұлғалардың кемедегі лауазымдарын кеме экипаждарын жинақтауға құқығы бар кеме иесі белгілейді.

7. Кеме рөлін кеме капитаны кеме портқа кіргенде немесе порттан шыққанда порт капитанына, шекаралық бақылау органдарына ұсынады.

8. Кеме экипажында өзгерістер болмаған жағдайда, кесте бойынша жұмыс істеп тұрған кеме бір портқа отыз күн ішінде кемінде бір-ақ рет кірсе, портқа әрбір кірген сайын Кеме рөлін ұсыну талап етілмейді.

9. Кеме портқа келгенде ұсынылған Кеме рөлін, оған өзгерістер енгізілген немесе өзгерістердің жоқтығы көрсетілген жағдайда, кеме менің порттан шығуы кезінде ұсынуға рұқсат етіледі.

Кеме экипажы құрамында өзгерістердің жоқтығы туралы, сондай-ақ экипаждың жекелеген мүшелерін ауыстыру кезіндегі өзгерістерді Кеме рөліне жазу тәртібі осы Ереженің 17-тармағында келтірілген.

10. Кеме рөлі кемеде: кеме қазақстан портына келгенде немесе қазақстан портынан кеткенде - мемлекеттік немесе орыс тілінде; кеме шетел портына келгенде немесе шетел портынан кеткенде - мемлекеттік немесе орыс тілінде толтырылады.

Кеме экипажының саны аз кезде Кеме рөлін бір мезгілде мемлекеттік немесе орыс тілдерінде толтыруға болады.

11. Кеме рөліндегі жазбалар немесе Машина журналындағы жазбалар мемлекеттік немесе орыс тілінде көк немесе қара пастамен (сиямен) анық және ұқыпты жазылады. Қарындашпен жазба жазуға болмайды.

12. Кеме рөлінің бағандары:

"тегі, аты және әкесінің аты", "туған күні мен жері", "азаматтығы" - теңізшінің паспортында немесе тұлғаны куәландыратын басқа да құжатта келтірілген деректер бойынша;

"лауазымы" - халықаралық тасымалды жүзеге асыратын кемелердегі - теңізшінің паспортындағы кемедегі қызметтік жағдайы туралы жазбаға сәйкес.

Басқа кемелерде - кеме иесінің тұлғаны кеме экипажы мүшесіне тағайындау туралы бұйрығына (өкіміне) сәйкес толтырылады.

Теңізшінің жеке куәлігіне кемедегі экипаж мүшесінің қызмет бабы туралы жазба теңізшінің паспортына ұқсас жазбаны енгізу үшін белгіленген тәртіппен е н г і з і л е д і ;

"атағы және диплом нөмірі" - біліктілігін растайтын дипломда көрсетілген деректер бойынша ;

"теңізші паспортының немесе жеке басын куәландыратын өзге құжаттың сериясы мен нөмірі" - теңізшінің паспортында немесе жеке басын куәландыратын тиісті құжатта көрсетілген деректер бойынша толтырылады.

13. Мынадай құжаттар кеме экипажы мүшесінің жеке басын куәландыратын құ ж а т б о л ы п т а б ы л а д ы :

халықаралық тасымалды жүзеге асыратын кемелерде:

Қазақстан Республикасының азаматтары үшін - теңізшінің паспорты; шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар үшін - егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, осы тұрғыда Қазақстан Республикасы тұлғаның жеке басын куәландыратын және м о й ы н д а й т ы н құ ж а т т а р ;

б а с қ а к е м е л е р д е :

Қазақстан Республикасының азаматтары үшін - Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжаты немесе жеке куәлігі;

шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар үшін - егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, осы тұрғыда Қазақстан Республикасы тұлғаның жеке басын куәландыратын және мойындайтын құжаттар.

14. Кеме экипажының құрамында өзгеріс болмағанда, "Өзгерістер жоқ" деген жазу жазылады, ол күні көрсетіле отырып, кеме капитанының қолымен және к е м е м ө р і м е н к у ә л а н д ы р ы л а д ы .

Кеме экипажының құрамы өзгерген жағдайда Кеме рөліне өзгерістер мынадай тәртіп бойынша енгізіледі. Кеме экипажының шығып кеткен мүшесінің

тегі жазылған жол сызылады. Кеме экипажы жаңа мүшесінің тегі жазылған жол кеме экипажы шығып қалған мүшесінің нөмірімен белгіленеді.

Экипаж мүшесі ауыстырусыз шыққан жағдайда, экипаж мүшесі (Т.А., А.Ә.) кемеден ауыстырусыз шығарылғаны жайлы жазылып, шығып қалған экипаж мүшесінің тегі жазылған жол сызылып тасталады.

Кеме рөліне енгізілген өзгерістерге кеме капитаны күнін көрсетіп қол қояды және кеме мөрімен куәландырады.

Қазақстан портынан шетелге жүзу кемесі шығар алдында Кеме рөліне өзгерістер енгізілген жағдайда, осы өзгерістерді кеме иесі немесе порт капитаны куәландырады.

Кеме рөлін беру және жүргізу
ережесіне қосымша

КР-1 нысаны

Қазақстан Республикасы

Көлік және коммуникация министрлігі

Кеме рөлі

1. Кеме атауы _____
2. Сәйкестендіру нөмірі _____
3. Кеменің мақсатталуы _____
4. Кеме иесі _____
5. Шақыру сигналы _____

N	Тегі, аты және әкесінің аты	Туған күні және жері	Аза- мат- тығы	Лауа- зымы	Атағы және диплом нөмірі	Теңізші паспортының немесе тұл- ғаның жеке басын куә- ландыратын өзге де құжаттың сериясы мен нөмірі	Ескер- тулер